



**“Бекітемін”**  
Мектеп директоры  
Г.М.Жумагазина  
2022 жыл

**“Келісемін”**

Директордың тәрбие ісі  
жөніндегі орынбасары  Қ.Р.Тайшыбай  
“30” 09 2022 жыл



## Жылдық тәрбие жұмыс жоспары

**Сақалбаева Ғалипа Аманқосқызы**

(Класс жетекшінің тегі, аты, әкесінің аты)

**4 «А» класс**

(Класс атауын көрсету)

**2022-2023 оқу жылы**

### Түсінік хат

Бастауыш класқа арналған тақырыптық-тәрбие жоспары тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа ала отырып жасалады. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру шеңберінде қазақстандық қоғамдағы заманауи-әлеуметтік мәдениетті трансформация ескеріле отырды. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар, адам өмірінің денсаулығы, тұлғаның еркін дамуының басымдылықтарын, патриотизмді, еңбек сүйгішті адам құқықтарымен, қазақстандықтарын құрметтеуге тәрбиелеуді көздейді.

Сонымен қатар елбасымыз ұсынған «Қазақстан жолы -2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауында айтылған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы балалар мен жасстардың рухы биік азаматтық ұстанымы мен әлеуметтік жауапкершілігі жоғары, Қазақстан қоғам игілігі үшін еңбек ету дайындығын жаңа қазақстандық патриотизм мен бірігу сезімін тәрбиелеуге бағытталған идеялар басшылыққа алынды.

Тәрбие - мақсатты жүйеде тұлға қалыптастыруға бағытталған үдеріс, яғни арнайы ұйымдастырылған, тәрбие мақсатын іске асыруға бағышталған тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасындағы басқарымды әрі бақылаулы өзара ықпалды іс-әрекет қатынастары.

Тәрбие бірнеше ерекшеліктерге ие. Оның ең басты ерекшелігі - мақсатты бағытталуы. Тәрбие ұйымдасуынан күтілетін жоғары тиімділік оның алдына тартылған мақсаттың балаға жақын әрі түсінікті болуынан. Мақсат бірлігі, өзара қызметтестік осы заманғы тәрбие үдерісінің негізгі сипатын құрайды.

Жалпы адамзаттық ұлттық және құндылықтар тұтас білім беру процесінің негізі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді. Осыған орай бастауыш класқа арналған тақырыптық – тәрбие жоспары осы бағыттардағы тақырыптармен



## Тәрбие бағыттары бойынша ұйымдастырылатын жұмыс түрлері

Тәрбие тұжырымдамасында нақтыланған 8 бағыты бойынша жүргізіледі

### I. Мақсаты

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу. Оқушылар бойында азаматтық сана, адамгершілік, толеранттылық, жалпы мәдени, салауатты өмір салты, шығармашылық қабілетін іске асырудың жоғары деңгейін қалыптастыру, ұлттық тәрбие жүйесін дамыту және жаңғырту, патриотизмге тәрбиелеу.

Оқушылардың құқықтық сауатын жетілдіру, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білуге, өз бетінше ізденуге үйрету және әдеби кітаптарды оқуға баулу, білімділікке ынталандыру және дарындылықты жетілдіру. Ұлттық тәрбие жүйесін, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз және жоралғыларымызды дамыта отырып, ұлт аралық татулыққа баулу. Бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Туған жердің тарихы мен шежіресін зерделеп, зерттеуге бағыттау.

Оқушыларды мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелей отырып, оның ішінде интернет кеңістігіндегі киберқауіпсіздік мәдениетіне тәрбиелеу.

### II. Міндеттері:

1. Балалар мен жасөспірімдерді азаматтыққа, адамгершілік пен имандылыққа отансүйгіштікке және мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу. Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін, ана-тілін, дәстүрін және басқа да құндылықтар арқылы өз отбасын құрметтеуіне ықпал ету.
2. Азаматтық белсенділік көрсете алатын, саяси жүйені түсіне алатын тұлғаның құқықтық санасын, саяси белсенділігін, құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге қалыптастыру.
3. Кәсіби шығармашылық танымын кеңейту, мамандықты дұрыс таңдауға бағыт-бағдар беру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
4. Оқушы жастар арасында әлеуметтік жетімдік, бейәлеуметтік мінез-құлық және идеологиялық экстремизм, нашакорлықты тарату және басқа да келеңсіз құбылыстарды жеңуде қажет шарттарды қамтамасыз ету. Ұлттық сана сезім мен отаншылдықтың дамуының жоғары деңгейіндегі, инновациялық экономика жағдайында табысты еңбек ететін жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерін тәрбиелеу.
5. Тұлғаның еңбек дағдыларының, зияткерлік мүмкіндіктерінің, көшбасшылық қасиеттерінің және ақпараттық мәдениетінің қалыптасуына ықпал ету. Рухани жаңғыру бағдарламасын жүзеге асыруға қабілетті, патриот тұлғаны тәрбиелеу.

### III. Нәтиже

Тәрбиелік шаралар арқылы оқушылар:

жауапкершілігі мол, белсенді азаматтық ұстанымы бар;

өзінің жұмысына жауапкершілікпен қарайтын және жоғары жетістіктерге қол жеткізуге ұмтылатын;

мәдениеттер мен көзқарастардың әр алуандығына құрметпен қарайтын;

өздерінің қоғамдағы орнын табуға талпыныс жасайтын, өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарап, оларды тиінақты орындайтын дәрежеге жетеді.

Әлеуметтік жауапкершілікті сезінетін және отбасылық сыйластық пен татулық, қамқорлық, сезімдері қалыптасады. Өмір бойы білім алуға және өзі-өзі жетілдіруге дайын тұлға болуға дағдыланады. Интернет кеңістігіндегі киберқауіпсіздік мәдениетін сақтайтын тұлға қалыптасады.

| р/с | Тәрбие үрдісі                                                            | Тақырыбы                                                                                         | Формасы       | Мерзімі   | Қосымша |
|-----|--------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|-----------|---------|
| 1   | Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие | 1 қыркүйек – Білім күні<br>«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм»                      | Тәрбие сағаты | 1.09.2022 |         |
| 2   | Отбасылық тәрбиесі                                                       | «Отбасы – тәрбие бастауы»<br>Сыныптың әлеуметтік портреті                                        | Әңгіме сағаты | 05.09     |         |
| 3   | Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие                              | «Еңбек түбі береке»                                                                              | Сурет көрмесі | 12.09     |         |
| 4   | Ұлттық тәрбие                                                            | «Тілім менің баға жетпес байлығым!»<br>«М.Әуезовтың туғанына – 125 жыл!»                         | Сынып сағаты  | 19.09     |         |
| 5   | Рухани – адамгершілік тәрбие                                             | 1 қазан – қарттар күні<br>«Қарттарын қадірлеген ел ардақты»<br>«Қазақстан- мейірімділік мекені!» | Әңгіме сағаты | 26.09     |         |

### Қазан

| р/с | Тәрбие үрдісі                                                                | Тақырыбы                                                                            | Формасы       | Мерзімі | Қосымша |
|-----|------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------|---------------|---------|---------|
| 1   | Рухани – адамгершілік тәрбие<br>Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие | «Ұстаз аты – биік, әрі мәңгілік!»<br>«Рухани келісім күніне арналған тәрбие сағаты» | Сынып сағаты  | 3.10    |         |
| 2   | Дене тәрбиесі салауатты өмір салты                                           | «Салауатты өмір-біздің болашағымыз!»                                                | Әңгіме сағаты | 10.10   |         |
| 3   | Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие     | «Ыбырай Алтынсарин- балалар әдебиетінің атасы»                                      | Сурет көрмесі | 17.10   |         |
| 4   | Ұлттық тәрбие                                                                | «Қазақстан-менің республикам!»                                                      | Тәрбие сағаты | 24.10   | (22.10) |



**Наурыз**

| p/c | Тәрбие үрдісі   | Тақырыбы                                                           | Формасы       | Мерзімі | Қосымша |
|-----|-----------------|--------------------------------------------------------------------|---------------|---------|---------|
| 1   | Отбасы тәрбиесі | «8 – наурыз Халықаралық Аналар күні»<br>«Ана – тіршіліктің тірегі» | Тәрбие сағаты | 6.03    |         |
| 2   | Ұлттық тәрбие   | «Қош келдің – әз Наурыз!»                                          | Сынып сағаты  | 13.03   |         |

| <b>Сәуір</b> |                                                                                                        |                                                                         |              |         |         |
|--------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------|--------------|---------|---------|
| p/c          | Тәрбие үрдісі                                                                                          | Тақырыбы                                                                | Формасы      | Мерзімі | Қосымша |
| 1            | Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие                                         | «Ризашылық пен алғыс»                                                   | ашықхат      | 27.03   |         |
| 2            | Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу<br>Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие | «Қауіпсіз интернет»<br>«Бірлігі жарасқан – Қазақстан!»                  | Пікір алмасу | 3.04    |         |
| 3            | Рухани – адамгершілік тәрбиесі                                                                         | «Өмірді жақсы көріндер!»<br>«Ибалы адам-иманды қоғам»<br>«Абай оқулары» | Пікір алмасу | 10.04   |         |
| 4            | Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие                               | «Экстремизммен терроризмге жол жоқ!»                                    | Сынып сағаты | 17.04   |         |
| 5            | Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие                                                            | «Мың түрлі мамандық»                                                    | Әңгіме сабақ | 24.04   |         |

| <b>Мамыр</b> |                                                                          |                                                         |               |                |         |
|--------------|--------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------|---------------|----------------|---------|
| p/c          | Тәрбие үрдісі                                                            | Тақырыбы                                                | Формасы       | Мерзімі        | Қосымша |
| 1            | Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие | «Ұлы Жеңіс-ұрпаққа аманат!»                             | Ерлік сабағы  | 1.05           |         |
| 2            | Отбасы тәрбиесі                                                          | «Бірлік күні!»                                          | Тәрбие сағаты | 8.05           |         |
| 3            | Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу                   | Мен сыныбыммен мақтанамын!                              | Әңгіме сағаты | 15.05          |         |
| 4            | Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие                             | Бірлігі жарасқан – Қазақстан!<br>«Бірлігіміз жарасқан!» | Сынып сағаты  | 22.05<br>29.05 |         |